

«10» қыркүйек 2020 жыл

Жетіарал ауылы

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 3

Қатысушылар:

1. Н.Сағатаева- медбике
2. Б.Рахымбердиева – округ әкімшілігінің бас маманы
3. А.Мухамеджанова – қамқоршылық кеңестің төрайымы
4. Ш.Есімжанова – ата-ана
5. Н.Бугембаева - ата-ана
6. Б.Ботабаев - ата-ана
7. Д.Жуанышев – ата - ана
8. А.Турабаева ата - ана
9. Г.Таширова ата - ана
10. Е.Ботабаев ата - ана
11. Ф.Сақанова ата -ана
12. Г.Сафина ата -ана

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңіндегі білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру кезіндегі санитарлық эпидемиологиялық шараларды сақтау. Мектеп директоры З.Жақаева
2. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы. Әлеуметтік педагог М.Тырнақбаева
3. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларының мектеп формасымен қамтамасыз етілуі. ДТЖО М.Мусаева

ТЫҢДАЛДЫ

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры З.Жақаева Жана 2020-2021 оқу жылы 13.08.2020 жылғы №345 бұйрығы негізінде коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты штаттық негізде ұйымдастырылғаны жөнінде, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, сынып бөлмелеріндегі оқу үстелдері 1 м қашықтықтан орналастыруы, әр сынып белгілі бір сыныпта оқу, басталуы мен аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесінің құрылуы, әртүрлі сыныптар үшін әр уақытта сабақтар арасындағы үзіліс, оқушылардың мектепке кіріп, шығуы үшін әр сыныпқа кіру және шығу есіктерінің болуы, әлеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында оқушылар екі аусымда оқитындығы, дезинфекция құралдарының қорымен қамтамасыз етілуі/ дезинфекция кілемшесі, санитайзерлер, ылғалды, дезинфекциялық жинауды қамтамасыз етуге арналған құралдар, күнделікті оқу бөлмелерінің кварцталынуы, әр екінші сағаттан кейін оқу бөлмелерін желдетіліп, ылғалды жинақтау жұмыстарының жүргізілуі барысы, оқушылар мен қызметкерлердің күнделікті температураның өлшенуі, оқушылар мен педагогтер басқа да жұмысшыларға арналған маскалық режимнің сақталынуы туралы толық айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог М.Тырнақбаева.

Республикалық «Мектепке жол» акциясының қорытындысымен таныстырып өтті. Акция барысында ауыл азаматы аудандық мәслихат депутаты С.Жақаев 2 оқушыға 35 000тг көмегін, ИП «Естай»

7000тг, Магазин «Санжар» 6800тг. Магазин «Рауан» 3000тг көмегі мектебіміздің 6 оқушысына берілгендігі туралы және мектеп ұжымы тарапынан түскен 30.000 теңгені пандемиялық жағдайға байланысты қажетті заттармен/ маска, антисептик, қағаз сүлгі/ әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы отбасының 30 оқушысына көмек ұйымдастыру туралы мәжіліс айтып өтті.

3. Үшінші мәселе бойынша ДТІЖО М.Мусаева.2020-2021 оқу жылында МАӘК алатын отбасының 44 оқушысы, қамқоршылық кеңес мүшелерінің шешімі бойынша 6 оқушы, көп балалы отбасының 45 оқушысы жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаржы арқылы барлығы 95 оқушы тегін оқу формасы және аяқ киіммен қамтамасыз етілді. Аяқ киім Семей аяқ киім фабрикасымен, оқу формасы ИП «Ақтұмар» келісім шартқа отыру арқылы жүзеге асырылды. Аяқ киімге 950 000тг, оқу формасына 190 054 29 тг ақша аударылды. Әр оқушыға жалпы 28.672 тг-нің киімі ата-анасы арқылы таратылып берілді.

ЖАРЫС СӨЗ:

1. Н.Сағатаева қамқоршылық кеңесінің мүшесі ауылдық амбулаториясының медбикесі. «Жетіарал мектеп-балабақша кешенінде» 2020-2021 оқу жылы білім алушылар мен педагогтердің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында короновирустық инфекцияның таралуының алдын алу үшін ҚР БҒМ №345 бұйрығын басшылыққа алып оқу процесін ұйымдастырды. Зина Аширжанқызы өз баяндамасында короновирустық инфекцияның таралуы кезіндегі оқу процесінің ұйымдастырылу барысы және санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың жүзеге асырылғаны туралы толық айтып өтті. Денсаулық сақтықта дегендей ата-ана ретінде сақтық шаралардың қатаң орындалуымыз керек. Биылғы жылы берді. Әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар, көп балалалы отбасыларды қолдау шаралары күшейді. Оның айғағы 95 оқушының жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген ақшаға тегін мектеп формасы және аяқ киіммен қамтамасыз етілуі.

2. Д.Жуанышев. қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана: Зина Аширжанқызы мектепте санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалу, сақтау барысы туралы толық түсініктеме беріп өтті. Бізде балаларымыздың талаптарды қатаң орындалуына бақылау жасап отырамыз. Ата-аналар арасында үнемі түсінік жұмыстарын жүргізіп отыру керек деп ойлаймын. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы ретінде биылғы оқу жылында балам тегін мектеп формасымен және аяқ киіммен қамтамасыз етілді. Мектеп оқушыларына көмек көрсетіп жатқан ауыл азаматтарыда жарады.

2. Г.Сафина ата-ана: Әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар, көп балалы отбасыларды қолдау шаралары жыл сайын жүзеге асырылуда. Соның дәлелі ретінде оқушылардың тегін оқу формасымен қамтылуы Мектепке жол акциясында атқарылыған жұмыстар ауқымды бірақта, осы акцияны бір ай көлемінде ғана емес жыл көлемінде ауылымыздың белді кәсіпкерлерін демеушілік жасауға шақырамын және ауылдан шыққан ауыл тұрғындарын да ат салысуға шақырамын.

ШЕШІМ:


1. Короновирустық инфекцияның таралуына байланысты оқу процесі кезіндегі сақтық шаралардың қатаң сақтау туралы ата-аналармен профилактикалық және инфекциядан аулақ болудың жолдарын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Республикалық «Мектепке жол» акциясынан жыл бойы жеке шаруа қожалық жетекшілерін тарту және қолдау жұмыстары жүргізу қамқоршылық кеңес төрайымы А.Мухамеджановаға міндеттелінсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



А.Мухамеджанова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



А.Нугуманова